



2019 жылғы 20 ақпан

Астана, Үкімет Үйі

от «___» _____ 201__ года

№ 11-8/2471 зп, 197 зп

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі

2018 жылғы 16 қазандағы № 8-5-693

2019 жылғы 24 қаңтардағы № 8-5-42

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамасымен әзірленген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарының түзетулеріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорытындысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамасымен әзірленген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына (бұдан әрі – заң жобасы) Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарының түзетулерін қарап, мынаны хабарлаймыз.

2018 жылғы 16 қазандағы № 8-5-693 хат

Депутаттардың түзетулері Конституцияның ережелеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілеріне қайшы келмейді, әлеуметтік-экономикалық салдарларға әкеп соқтырмайды.

Салыстырмалы кестенің 1, 2, 3, 5, 7, 10, 13, 16, 17, 18, 19, 22, 27, 28, 29, 33-позициялары бойынша түзетулер қолдау табады.

Жер кодексіне (бұдан әрі – ЖК), Кәсіпкерлік кодексіне, «Өсімдіктер карантині туралы», «Мақта саласын дамыту туралы», «Ветеринария туралы» заңдарға және заң жобасына берілген түзетулер:

ЖК-нің 12-бабына «бау шаруашылығы» және «бақ шаруашылығы» жаңа ұғымдарын енгізу (бау шаруашылығы және бақ шаруашылығы учаскелерін олардың нысаналы мәніне қайшы келетіндей жаппай салу мүмкіндігін болдырмайтындықтан, ұғымдардың жаңа ұсынылған редакциясы қолдау табады);

Бланк сериялық нөмірісіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарарда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек. Бланк без сериального номера НЕДЕЙСТВУЕТ. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

0010405 *



0010405 *
ИПЦ Зак. № 310. 23.06.2014 г.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының шекара жолағы және шекара аймағы шегінде орналасқан жер учаскелерін пайдалану бөлігінде ЖК-нің 23 және 24-баптарымен нормаларды нақтылау;

ЖК-нің 43-бабы 2-тармағының үшінші бөлігіне қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік қажеттіліктері үшін жер учаскелерін беру бойынша құжаттарды келісу рәсімін нақтылайтын түзетулер;

аудандық (қалалардағы аудандардан басқа) атқарушы органдарға, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына жер учаскелерінің мақсаты бойынша пайдаланылуын бақылау құзыретін беру;

өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органның карантиндік объектілерден және (немесе) бөтенекті түрлерден таза немесе олар шектеулі түрде таралған аймақтарды, жерлерді, өндіріс учаскелерін белгілеу, импорттаушы елге растауды ұсыну және импорттаушы елдердің өкілдеріне бұл аумақтарға инспекциялауды жүргізу үшін Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен көзделген жағдайларда рұқсатты қамтамасыз ету бойынша функциялармен толықтыру;

«Мақта саласын дамыту туралы» Заңға сараптама ұйымына қатысты ережелерді алып тастау бөлігінде заң жобасымен енгізілетін өзгерістермен сәйкестендіруді, сондай-ақ мақта талшығының сапасына сараптама жасауды бәсекелестік ортаға аккредиттелген сынақ зертханаларына (орталықтарына) беруге байланысты заң жобасымен енгізілетін өзгерістерге сәйкестендіру;

мемлекеттік монополияға және технологиялық байланысты қызметке жатқызылған тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) баға белгілеуді шектеуді алып тастау;

сынақ зертханаларын (орталықтарын) аккредиттеуге қажетті нормативтік құқықтық актілерді дайындауға уақыт беру мақсатында заңды қолданысқа енгізу тәртібіне қатысты заң жобасының 2-бабына түзетулер көзделеді.

4, 11, 12, 20, 21, 23, 24, 25, 26, 31, 32-позициялар бойынша түзетулер ішінара қолдау табады.

Салыстырмалы кестенің 4-тармағы бойынша.

ЖК 37-бабының 5-тармағына аң аулау объектісі болып табылатын жануарларды өсіру, оның ішінде аңшылық мақсатында өсіру үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру бойынша түзетулер мынадай редакцияда ішінара қолдау табады:

«4) Осы Кодекстің 1-бабының 1), 2), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген жерлерді қоспағанда, орман қоры жерлерінде және босалқы жерлерде жабайы жануарлар өсіру, оның ішінде аңшылық мақсатында өсіру үшін Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына оннан қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге.»

Салыстырмалы кестенің 11 және 12-тармақтары бойынша.

Орман кодексінің (бұдан әрі – ОК) нормаларын Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО) заңнамасымен сәйкестендіруге бағытталған түзетулер ішінара қолдау табады.

Бұл ретте өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, сондай-ақ құрып кету қаупі төнгендерді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге, ЕАЭО ішіндегі кедендік аумаққа әкелуге және әкетуге рұқсат беру жөніндегі уәкілетті органның құзыретін ОК-нің 13-бабы 1-тармағының 18-47) тармағына сәйкес регламенттеу және оны мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«18-47) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тыс жерлерге әкетуге рұқсат береді;».

Өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын ЕАЭО кедендік аумақ, яғни үшінші елдерге әкелу және әкету бойынша құзыретті ОК-нің 13-бабы 1-тармағында мынадай мазмұндағы 18-49) және 18-50) жаңа тармақшалармен регламенттеу ұсынылады:

«18-49) жекелеген жабайы өсімдіктер және жабайы өсетін дәрілік шикізат, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген өсімдіктерді Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан шығаруға қорытынды (рұқсат құжатын) береді;».

18-50) «жекелеген жабайы өсімдіктер және жабайы өсетін дәрілік шикізат, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген өсімдіктерді Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан экспорттауға лицензия береді.».

Салыстырмалы кестенің 20 және 23-тармақтары бойынша.

«Өсімдіктер карантині туралы» және «Ветеринария туралы» заңдарға өсімдіктер карантині және ветеринария саласындағы аудитті және инспекциялауды жүргізу үшін қаржыландыру көздерін айқындау бөлігіндегі түзетулер жалпы қолдау табады.

Аталған түзетулерді іске асыру 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 27 Республикалық бюджет комиссиясы отырысының хаттамасына сәйкес қолдау тапқан мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуға әкеп соғады.

Бұл ретте «Өсімдіктер карантині туралы» Заңның 18-бабының жаңа 1-1-тармағы 2) тармақшасындағы, сондай-ақ «Ветеринария туралы» Заңның 35-бабының 1-тармағы жаңа 4-2) тармақшасындағы сәйкесінше «мемлекеттік тапсырыс шеңберінде» және «мемлекеттік тапсырыс» сөздерін алып тастау ұсынылады, себебі Бюджет кодексінің 41-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік тапсырмалардың тізбесін, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және мемлекеттік тапсырмаларды орындауға жауапты заңды тұлғалардың тізбесін жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Бұдан басқа, «Өсімдіктер карантині туралы» Заңның 18-бабын және «Ветеринария туралы» Заңның 35-бабын сәйкесінше мынадай мазмұндағы жаңа тармақтармен толықтыру ұсынылады:

«3. Осы баптың 1-1-тармағының 2) тармақшасымен көзделген іс-шараларды тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражаты есебінен

оларды қаржыландыру көлемінен асатын көлемде қаржыландыру Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылады.»;

«3. Осы баптың 1-тармағының 4-2) тармақшасында көзделген іс-шараларды тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражаты есебінен оларды қаржыландыру көлемінен асатын көлемде қаржыландыру Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылады.»;

Салыстырмалы кестенің 21-тармағы бойынша.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабына түзетулер қолдау таппады, себебі көрсетілген Заңның 68-бабы 6) тармақшасына «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Заңмен тиісті өзгерістер енгізілген болатын.

Сонымен қатар мемлекеттік орман қоры аумағында құрылыс процесіне қойылған негізгі талаптарды белгілеу мақсатында ОК-нің 16-тарауын мынадай мазмұндағы жаңа 102-3-баппен толықтыруды ұсынамыз:

«102-3-бап. Мемлекеттік орман қоры аумағында құрылыс процесіне қойылатын негізгі талаптар

1. Мемлекеттік орман қорында сәулет-жоспарлау тапсырмасын (бұдан әрі – СЖТ) алу үшін ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты негіз болып табылады.

Болжамды құрылыс объектісін жобалауға тапсырма жасауға СЖТ негіз болып табылады.

2. Заңды және жеке тұлғалар мен мемлекеттік ұлттық табиғи парктер немесе мемлекеттік табиғи резерваттар арасында жасалған Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес ұзақ мерзімді пайдалану шарты ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда СЖТ және жобалау тапсырмасын алу үшін негіз болып табылады.

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі объектілер құрылысын ұйымдастыру және оның сапасына бақылау және қадағалау жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі және «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы айқындайды.

4. Салынған объектілерді пайдалануға қабылдау Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі және «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

Бұдан басқа жоғарыда көрсетілген түзетулерді байланыстыру мақсатында «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі

туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабының 1-тармағын мынадай редакцияда жазуды ұсынамыз:

«1. Қазақстан Республикасының аумағында жергілікті жерлерде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін реттейтін құрылыс салуды ұйымдастыру және құрылыс саласындағы рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидалары қолданылады.»

Салыстырмалы кестенің 24-тармағы бойынша.

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңға жабайы тірі аңдарға Евразиялық экономикалық одақтың қорытындысын (рұқсат беру құжатын) және лицензиясын беру жөніндегі уәкілетті органның құзыреті бөлігіне түзету ішінара қолдау табады және «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңның 9-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінің 9) тармақшасын мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«9) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан жабайы тірі жануарларды, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарларды әкелуге және әкетуге қорытынды (рұқсат беру құжатын) береді;».

Салыстырмалы кестенің 25-тармағы бойынша.

Уәкілетті органның құзыретін айқындайтын «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңның 9-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінің жаңа 77-12) тармақшасы қолдау табады және мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«77-12) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан жабайы тірі жануарларды, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнгендерін экспорттауға лицензия береді.».

Салыстырмалы кестенің 26-тармағы бойынша.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңның агроөнеркәсіптік кешен үшін кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бөлуге құзыретті Ауыл шаруашылығы министрлігіне бекітуге қатысты 6-бабының 41-8) және 41-9) жаңа тармақшалары қолдау табады және оларды мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«41-8) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын агроөнеркәсіптік кешен үшін кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыруға қатысу;

41-9) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын агроөнеркәсіптік кешен үшін кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлуді және орналастыруды бекіту;».

Салыстырмалы кестенің 31-тармағы бойынша

«Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-1-тармағы Ұлттық палата

функцияларын 3-1) және 3-2) жаңа тармақшалармен толықтыруды көздейтін түзетулер мынадай редакцияда қолдау табады:

«3-1) карантиндік объектілерден және (немесе) бөтенекті түрлерден таза немесе олар таралуы шектеулі карантинге жатқызылған объектілерге, аймақтарға, орындарға, өндіру учаскелеріне импорттаушы ел өкілдерінің инспекция жүргізуін ұйымдастыру бөлігіндегі оператордың функциясын жүзеге асырады;

3-2) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортын жүзеге асыру мақсатында жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (жануарларды союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, азық пен азық қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға импорттаушы ел өкілдерінің инспекциялау жүргізуді ұйымдастыру бөлігіндегі оператордың функциясын жүзеге асырады;»;

Салыстырмалы кестенің 32-тармағы бойынша.

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңға 2-қосымшаның 236-жолына енгізілетін өзгерістер қолдау табады және мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«

236	Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсат беру	Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасын а әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсат	
-----	---	---	--

Салыстырмалы кестенің 6, 8, 9, 14, 15, 16, 17, 19, 22, 30-позициялары бойынша түзетулер қолдау таппайды.

Салыстырмалы кестенің 6-тармағы бойынша.

Жер комиссиясының құрамындағы қоғамдық кеңестер, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдар және өзге де салалық мемлекеттік емес ұйымдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерінің санын 50%-дан 70%-ға дейін ұлғайту бөлігіндегі түзету қолдау таппайды, өйткені жер комиссиясының үкіметтік емес сектордан комиссия мүшелерінің болмау себептеріне (іссапар, сырқаттануы, уақыты болмауына және т.б.) байланысты комиссия отырысының кворумын белгілі бір датаға қамтамасыз ету мүмкін болмай қалу фактілері кездеседі, ол өз кезегінде өтініштерді қарау мерзімінің бұзылуына және қағазбастылыққа әкеліп соғады.

Бұдан басқа, жер комиссиясының құрамына оның жалпы санының кемінде елу пайызы мөлшерінде жұртшылық өкілдерін қосу бойынша өзгеріс тек 2018 жылғы 21 мамырдан бастап қана күшіне енгізілгенін және бүгінгі күнге аталған норманың құқықтық қолдану тәжірибесіне сараптаманың жоқтығын ескере отырып, бұл түзетулерді енгізу әлі ерте деп есептейміз.

Салыстырмалы кестенің 8-тармағы бойынша

ЖК-нің 43-1-бабын шаруа, фермер қожалығын және ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін беру бойынша қайталап өткізілген конкурс кезіндегі жалғыз қатысушыны жеңімпаз деп тану бойынша нормамен толықтыру қолдау таппайды, өйткені бұл норма жеңімпазды таңдау кезінде жемқорлыққа жол беру тәуекеліне әкелуі мүмкін.

Салыстырмалы кестенің 9-тармағы бойынша.

Мұраға қалдыру кезінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бекітілген шекті (ең жоғары) мөлшерлерден асып кеткен жағдайда ауыл шаруашылығы жерлерін иеліктен шығаруды көздейтін ЖК-нің 50-бабының 4-тармағына түзету ұсынылды.

Азаматтық кодекстің 1038-бабына сәйкес мұрагерлік – қайтыс болған азамат (мұра қалдырушы) мүлкінің басқа адамға (адамдарға) – мұрагерге (мұрагерлерге) ауысуы.

Бұл ретте Конституцияның 26-бабының 2-тармағына сәйкес меншікке, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі.

Өз кезегінде, мұрагерлік еркіндігі азаматтардың басқа құқықтары мен бостандықтары секілді заңнамамен конституциялық құрылыстың негіздерін, басқа азаматтардың адамгершілігін, денсаулығын, құқықтары мен мүдделерін қорғау, мемлекеттің қорғанысын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қажетті шекте шектелуі мүмкін, себебі аталған жағдай қоғамда мүліктік қатынастардың тұрақтылық кепілі болып табылады деп пайымдаймыз.

Алайда ұсынылатын шектеу жоғарыда аталған мақсаттарды қорғауды көздемейтінін ескере отырып, түзету қолдау таппайды.

Салыстырмалы кестенің 13-тармағы бойынша.

ОК-нің 51-бабына, кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, орман қоры жерлерін пайдалы қазбалар өндіру үшін басқа санаттағы жерлерге аудару кезінде аударылатын жер көлемінен екі есе мөлшерде орман екпелерін отырғызу және бірінші үш жылда күтім жұмыстарын жүргізу бөлігінде түзету тұжырымдамалы түрде қолдау табады.

Сонымен қатар, ұсынылып отырған түзетудің кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты талаптарды қатаңдату белгілері бар екенін, сондай-ақ Кәсіпкерлік кодекстің (бұдан әрі – КК) 82-бабының 1 және 3-тармақтарының талаптарын ескере отырып, реттеушілік әсеріне талдау жүргізіп, оның нәтижелерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияда (бұдан әрі – ВАК) қарастыру қажет.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің салыстырмалы кестенің осы тармағы бойынша позициясы, тиісті жұмыс жүргізу қорытындысы бойынша қосымша ұсынылатын болады.

Салыстырмалы кестенің 14 және 15-тармақтары бойынша.

Қылмыстық кодекстің 3 және 286-бабына орны ауыстырылатын тауарлардың, мәдени құндылықтардың және стратегиялық маңызды тауарлардың құны бөлігіндегі түзетулерді заң жобасы тұжырымдамасының нысанасы болып табылмайтындықтан және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 7 қыркүйектегі №11-9/1112 зп қорытындысына сәйкес қолдау таппағандықтан, қолдамаймыз.

Салыстырмалы кестенің 30-тармағы бойынша.

«Білім туралы» Заңның 5-бабының 2-1) тармақшасына республикалық бюджеттен қаржыландыратын ауыл шаруашылығы және аграрлық профильді білім беретін ұйымдардағы ветеринария мамандықтарын қоспағанда, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын қайта бөлу бойынша білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті бөлігіндегі түзетулер «Білім туралы» Заңның 5-бабының 2)-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асырып, салааралық үйлестіруді іске асыратындықтан қолдау таппайды.

2019 жылғы 24 қаңтардағы № 8-5-42 хат

Депутаттардың түзетулері Конституцияның ережелеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілеріне қайшы келмейді, әлеуметтік-экономикалық салдарларға әкеліп соқтырмайды.

Салыстырмалы кестенің 1-2-тармақтары бойынша

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 1-бабының 20) тармақшасына және 16-бабына «табиғат қорғау ұйымы» терминін айқындау бөлігіндегі түзету қолдау таппайды.

КК-нің 3-бабына сәйкес кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік пен қоғамды дамыту үшін

қолайлы жағдайлар жасауға, кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыруға бағытталған.

Кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекет арасындағы өзара іс-қимыл қағидаттары: кәсіпкерлік субъектілерінің теңдігі және әділ бәсекелестік болып табылады.

Осыған байланысты, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің, акционерлік қоғамның және мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында дендрологиялық парктерді құру мүмкіндігін бір мезгілде ұсыну басқа нарық субъектілері үшін тең емес жағдайлар тудыруы мүмкін деп есептейміз.

Салыстырмалы кестенің 3-тармағы бойынша

Заңның 62-бабына мемлекеттік дендрологиялық парктерді жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ұлттық ұйымының сенімді басқаруына беру бөлігіндегі түзету қолдау табады.

Салыстырмалы кестенің 4-тармағы бойынша

Заңға толықтыруға ұсынылған Есік мемлекеттік дендрологиялық паркінің құқықтық мәртебесін айқындау бөлігіндегі жаңа 84-2-бабы қолдау таппайды.

Қазақ ұлттық аграрлық университетін заңнамалық деңгейде Есік мемлекеттік дендрологиялық паркінің сенімді басқарушысы ретінде айқындау орынсыз, өйткені аталған мәселенің шешімін қолданыстағы азаматтық заңнама шеңберінде қарастыруды мүмкін деп санаймыз.

Салыстырмалы кестенің 69, 70, 77, 78, 79 және 145-тармақтары бойынша (Парламент Мәжілісінің 2018 жылғы 24 сәуірдегі № 8-5-299 хаты)

Реттеушілік әсерді талдау «Өсімдіктер карантині туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңдарға енгізілетін карантиндік арамшөптер тұқымдары мен жемістерінің өміршеңдігін жоюды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша астықты және оны өңдеу өнімдерін өңдеуді және ағаш орама материалдарын залалсыздандыруды жүзеге асыратын мекемелерге есептік нөмірін беруді көздейтін түзетулер қолдау табады.

2018 жылғы 1 қарашада көрсетілген түзетулер бойынша реттеушілік әсерді талдау нәтижелері ВАК отырысында қаралды және қолдау тапты. Осыған байланысты көрсетілген түзетулер қолдау табады.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы қорытындысын ескере отырып, заң жобасын Парламент Мәжілісінде одан әрі қарауға болады деп пайымдаймыз.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**



Б. Сағынтаев



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

от « 20 » февраля 201__ года
№ 11-8/2471 зп, 197 зп

№ _____

Мажилис Парламента
Республики Казахстан

На № 8-5-693 от 16 октября 2018 года

На № 8-5-42 от 24 января 2019 года

Заключение

Правительства Республики Казахстан на поправки депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан к проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования агропромышленного комплекса», инициированному Правительством Республики Казахстан

Рассмотрев поправки депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан к проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования агропромышленного комплекса», инициированному Правительством Республики Казахстан (далее – законопроект), сообщаем следующее.

Письмо Мажилиса Парламента от 16 октября 2018 года № 8-5-693

Поправки депутатов не противоречат положениям Конституции и действующих законодательных актов Республики Казахстан, не повлекут отрицательных социально-экономических последствий.

Поправки по позициям 1, 2, 3, 5, 7, 10, 16, 17, 18, 19, 22, 27, 28, 29, 33 Сравнительной таблицы поддерживаются.

Данные поправки в Земельный кодекс (далее – ЗК), Предпринимательский кодекс, законы «О карантине растений», «О развитии хлопковой отрасли», «О ветеринарии» и в законопроект, предусматривают:

введение в статью 12 ЗК новых понятий «огородничество» и «садоводство» (вновь предложенная редакция понятий поддерживается, поскольку исключает возможность массовой застройки садоводческих и огороднических участков в разрез с их основным целевым назначением);

0010399 *

уточнение норм статьей 23 и 24 ЗК в части использования земельных участков, расположенных в пределах пограничной полосы и зоны Государственной границы Республики Казахстан;

поправки в часть третью пункта 2 статьи 43 ЗК, уточняющие процедуру согласования документов по предоставлению земельных участков для нужд обороны и национальной безопасности;

наделение районных (кроме районов в городах) исполнительных органов, местных исполнительных органов городов областного значения компетенцией по контролю за использованием земельных участков по назначению;

дополнение компетенции уполномоченного органа по карантину растений функциями по установлению зон, мест, участков производства свободных или имеющих ограниченное распространение карантинных объектов и (или) чужеродных видов, предоставлению подтверждений стране-импортеру и обеспечению доступа представителям страны-импортера для проведения инспектирования этих территорий в случаях, предусмотренных международными договорами ратифицированными Республикой Казахстан;

приведение в соответствие с изменениями, вносимыми законопроектом в Закон «О развитии хлопковой отрасли», в части исключения положений, касающихся экспертной организации, а также, в связи с передачей экспертизы качества хлопка-волокна в конкурентную среду аккредитованным испытательным лабораториям (центрам);

исключение разграничения установления цен на товары (работы, услуги), отнесенные к государственной монополии и технологически связанной деятельности;

поправку в статью 2 законопроекта касательно порядка введения в действие Закона в целях предоставления времени для подготовки необходимых нормативных правовых актов для аккредитации испытательных лабораторий (центров).

Поправки по позициям 4, 11, 12, 20, 21, 23, 24, 25, 26, 31, 32 поддерживаются частично.

По пункту 4 сравнительной таблицы.

Поправки в пункт 5 статьи 37 ЗК по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для разведения животных, являющихся объектом охоты, в том числе в охотничьих целях, частично поддерживаются в следующей редакции:

«4) для разведения диких животных, в том числе в охотничьих целях, физическим и юридическим лицам Республики Казахстан на землях лесного фонда и землях запаса, за исключением земель, указанных в подпунктах 1), 2), 4) и 6) статьи 1 настоящего Кодекса, на срок от десяти до сорока девяти лет.»

По пунктам 11 и 12 сравнительной таблицы.

Поправки, направленные на приведение норм Лесного кодекса (далее – ЛК) в соответствие с законодательством Евразийского экономического союза (далее – ЕАЭС) частично поддерживаются.

При этом, компетенцию уполномоченного органа по выдаче разрешения на ввоз и вывоз за пределы Республики Казахстан, внутри таможенной территории ЕАЭС, объектов растительного мира, их частей и дериватов, а также, находящихся под угрозой исчезновения, предлагается регламентировать подпунктом 18-47) пункта 1 статьи 13 ЛК и изложить его в следующей редакции:

«18-47) выдает разрешения на ввоз в Республику Казахстан и вывоз за ее пределы объектов растительного мира, их частей и дериватов, подпадающих под действие Конвенции о международной торговле видами дикой фауны и флоры, находящимися под угрозой исчезновения;».

Компетенцию по ввозу и вывозу объектов растительного мира, их частей и дериватов уже с таможенной территории ЕАЭС т.е. в третьи страны, предлагается регламентировать в пункте 1 статьи 13 ЛК новыми подпунктами 18-49) и 18-50) следующего содержания:

«18-49) выдает заключение (разрешительный документ) на вывоз с таможенной территории Евразийского экономического союза отдельных дикорастущих растений и дикорастущего лекарственного сырья, в том числе редких и находящихся под угрозой исчезновения;

18-50) выдает лицензию на экспорт с таможенной территории Евразийского экономического союза отдельных дикорастущих растений и дикорастущего лекарственного сырья, в том числе редких и находящихся под угрозой исчезновения.».

По пунктам 20 и 23 сравнительной таблицы.

Поправки в законы «О карантине растений» и «О ветеринарии», в части определения источников финансирования для проведения аудита и инспектирования в области карантина растений и ветеринарии в целом поддерживаются.

Реализация данных поправок влечет увеличение государственных расходов, которые поддержаны в соответствии с протоколом заседания Республиканской бюджетной комиссии 4 декабря 2018 года № 27.

При этом, предлагается в подпункте 2) нового пункта 1-1 статьи 18 Закона «О карантине растений», а также в новом подпункте 4-2) пункта 1 статьи 35 Закона «О ветеринарии» исключить, соответственно, слова «в рамках государственного задания» и «государственного задания», поскольку согласно пункту 4 статьи 41 Бюджетного кодекса перечень государственных заданий, администраторов бюджетных программ и юридических лиц, ответственных за выполнение государственных заданий, утверждается Правительством Республики Казахстан ежегодно.

Кроме того, предлагается статью 18 Закона «О карантине растений» и статью 35 Закона «О ветеринарии», соответственно, дополнить новыми пунктами следующего содержания:

«3. Финансирование мероприятий, предусмотренных в подпункте 2) пункта 1-1 настоящей статьи, сверх объема их финансирования за счет

бюджетных средств на соответствующий финансовый год осуществляется из иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.»;

«3. Финансирование мероприятий, предусмотренных в подпункте 4-2) пункта 1 настоящей статьи, сверх объема их финансирования за счет бюджетных средств на соответствующий финансовый год осуществляется из иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.».

По пункту 21 сравнительной таблицы

Поправки в статью 68 Закона «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан» не поддерживаются, поскольку в пункт 6 статьи 68 указанного Закона 24 мая 2018 года Законом «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования регулирования предпринимательской деятельности» были внесены соответствующие изменения.

Вместе с тем, с целью установления основных требований к процессу строительства на территории государственного лесного фонда предлагаем главу 16 ЛК дополнить новой статьей 102-3 следующего содержания:

«Статья 102-3. Основные требования к процессу строительства на территории государственного лесного фонда

1. В государственном лесном фонде основанием для получения архитектурно-планировочного задания (далее – АПЗ) является договор долгосрочного лесопользования.

Основанием для составления задания на проектирование намеченного объекта строительства является АПЗ.

2. На особо охраняемых природных территориях основанием для получения АПЗ и задания на проектирование является договор долгосрочного пользования, заключенный физическими и юридическими лицами с государственным национальным природным парком или государственным природным резерватом, в соответствии с законодательством Республики Казахстан в области особо охраняемых природных территорий.

3. Порядок организации и проведения контроля и надзора за качеством строительства объектов на участках государственного лесного фонда определяется Предпринимательским кодексом Республики Казахстан и Законом Республики Казахстан от 16 июля 2001 года «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан».

4. Приемка построенных объектов в эксплуатацию регулируется Гражданским кодексом Республики Казахстан и Законом Республики Казахстан от 16 июля 2001 года «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан».

Кроме того, с целью корреспондирования с вышеуказанными поправками предлагаем пункт 1 статьи 30 Закона «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан» изложить в следующей редакции:

«1. На территории Республики Казахстан действуют правила организации застройки и прохождения разрешительных процедур в сфере строительства, регулирующие архитектурную, градостроительную и строительную деятельность на местах.».

По пункту 24 сравнительной таблицы.

Поправка в Закон «Об охране, воспроизводстве и использовании животного мира» в части компетенции уполномоченного органа по выдаче заключения (разрешительного документа) и лицензии ЕАЭС на ввоз и вывоз диких живых животных поддерживается частично и предлагается подпункт 9) части первой пункта 1 статьи 9 Закона «Об охране, воспроизводстве и использовании животного мира» изложить в следующей редакции:

«9) выдает заключение (разрешительный документ) на ввоз и вывоз с таможенной территории Евразийского экономического союза диких живых животных, в том числе редких и находящихся под угрозой исчезновения;».

По пункту 25 сравнительной таблицы.

Новый подпункт 77-12) части первой пункта 1 статьи 9 Закона «Об охране, воспроизводстве и использовании животного мира», определяющий компетенцию уполномоченного органа, поддерживается и предлагается изложить в следующей редакции:

«77-12) выдает лицензию на экспорт с таможенной территории Евразийского экономического союза диких живых животных, в том числе редких и находящихся под угрозой исчезновения.».

По пункту 26 сравнительной таблицы.

Новые подпункты 41-8) и 41-9) пункта 1 статьи 6 Закона «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий» касательно закрепления за Министерством сельского хозяйства компетенции на распределение государственного заказа на подготовку кадров в организациях образования, осуществляющих подготовку кадров для агропромышленного комплекса, поддерживаются, и предлагается их изложить в следующей редакции:

«41-8) участие в формировании государственного образовательного заказа на подготовку специалистов с высшим и послевузовским образованием в организациях образования, осуществляющих подготовку кадров для агропромышленного комплекса, финансируемых из республиканского бюджета;

41-9) утверждение распределения и размещения государственного образовательного заказа на подготовку специалистов с высшим и послевузовским образованием в организациях образования, осуществляющих подготовку кадров для агропромышленного комплекса, финансируемых из республиканского бюджета;».

По пункту 31 сравнительной таблицы.

Поправки в пункт 1-1 статьи 11 Закона «О Национальной палате предпринимателей Республики Казахстан», предусматривающие дополнение функций Национальной палаты новыми подпунктами 3-1) и 3-2), поддерживаются в следующей редакции:

«3-1) осуществляет функции оператора, в части организации проведения представителями страны-импортера инспектирования подкарантинных объектов, зон, мест, участков производства свободных или имеющих ограниченное распространение карантинных объектов и (или) чужеродных видов;

3-2) осуществляет функции оператора, в части организации проведения представителями импортирующей страны инспектирования объектов производства, осуществляющих выращивание животных, заготовку (убой животных), хранение, переработку и реализацию животных, продукции и сырья животного происхождения, а также организации по производству, хранению и реализации ветеринарных препаратов, кормов и кормовых добавок с целью осуществления экспорта перемещаемых (перевозимых) объектов;».

По пункту 32 сравнительной таблицы.

Изменение в строку 236 Приложения 2 к Закону «О разрешениях и уведомлениях» поддерживается, и предлагается изложить в следующей редакции:

«

236	Выдача разрешения на ввоз в Республику Казахстан и вывоз за ее пределы объектов растительного мира, их частей и дериватов, подпадающих под действие Конвенции о международной торговле видами дикой фауны и флоры, находящимися под угрозой исчезновения	Разрешение на ввоз в Республику Казахстан и вывоз за ее пределы объектов растительного мира, их частей и дериватов, подпадающих под действие Конвенции о международной торговле видами дикой фауны и флоры, находящимися под угрозой исчезновения	
-----	--	---	--

».

Поправки по позициям 6, 8, 9, 13, 14, 15, 30 сравнительной таблицы не поддерживаются.

По пункту 6 сравнительной таблицы.

Поправка в часть десятую пункта 2 статьи 43 ЗК в части увеличения количества представителей общественных советов, негосударственных организаций в области агропромышленного комплекса и иных отраслевых негосударственных организаций, Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан, а также органов местного самоуправления в составе земельной комиссии с 50 % до 70 %, не поддерживается, так как имеются факты невозможности обеспечения в определенную дату кворума заседания комиссии именно по причине отсутствия членов комиссии от неправительственного сектора (командировки, болезни, занятость и т.д.), что приводит к угрозе срыва сроков рассмотрения заявлений и волоките.

Кроме того, учитывая, что изменение по включению в состав земельной комиссии представителей общественности в количестве не менее пятидесяти процентов от ее общего количества вступило в силу только с 21 мая 2018 года, и на сегодня отсутствует анализ правоприменительной практики данной нормы, считаем поправку преждевременной.

По пункту 8 сравнительной таблицы.

Дополнение статьи 43-1 ЗК нормой по признанию победителем единственного участника при проведении повторного конкурса по предоставлению земельных участков для ведения крестьянского, фермерского и сельскохозяйственного производства, не поддерживается, поскольку данная норма может привести к коррупционным рискам при выборе победителя.

По пункту 9 сравнительной таблицы.

Предложена поправка в пункт 4 статьи 50 ЗК, предусматривающая отчуждение сельскохозяйственных земель в случае превышения установленных предельных (максимальных) размеров земельных участков сельскохозяйственного назначения при наследовании.

В соответствии со статьей 1038 Гражданского кодекса, наследование – это переход имущества умершего гражданина (наследодателя) к другому лицу (лицам) – наследнику (наследникам).

При этом согласно пункту 2 статьи 26 Конституции Республики Казахстан собственность, в том числе право наследования, гарантируется законом.

В свою очередь, полагаем, что свобода наследования, как и другие права и свободы граждан, может быть ограничена законодателем в той мере, в какой это необходимо в целях защиты основ конституционного строя, нравственности, здоровья, прав и законных интересов других лиц, обеспечения обороны и безопасности государства, поскольку данное положение является гарантией стабильности имущественных отношений в обществе.

Однако учитывая, что предлагаемое ограничение не предусматривает защиту вышеуказанных целей, поправка не поддерживается.

По пункту 13 сравнительной таблицы.

Поправка в статью 51 ЛК, в части осуществления посадки лесных культур в двукратном размере от площади переводимого участка и ухода за лесными

культурами в течении первых трех лет после их посадки, в случаях перевода земель государственного лесного фонда в другую категорию земель, для добычи полезных ископаемых, за исключением общераспространенных полезных ископаемых, концептуально поддерживается.

Вместе с тем, учитывая, что предлагаемая поправка имеет признаки ужесточения требований в отношении субъектов предпринимательства, а также, принимая во внимание требования пунктов 1 и 3 статьи 82 Предпринимательского кодекса (далее – ПК), необходимо провести анализ регуляторного воздействия, и рассмотреть его результаты на Межведомственной комиссии по вопросам регулирования предпринимательской деятельности при Правительстве Республики Казахстан (далее – МВК).

В связи с чем, позиция Правительства Республики Казахстан по данному пункту сравнительной таблицы будет представлена дополнительно по итогам проведения соответствующей работы.

По пунктам 14 и 15 сравнительной таблицы.

Поправки в статьи 3 и 286 Уголовного кодекса в части стоимости перемещенных товаров, культурных ценностей и стратегически важных товаров не поддерживаются, так как не являются предметом концепции законопроекта, и не были поддержаны согласно Заключению Правительства Республики Казахстан от 7 сентября 2018 года №11-9/1112 зп.

По пункту 30 сравнительной таблицы.

Поправка в подпункт 2-1) статьи 5 Закона «Об образовании», в части компетенции уполномоченного органа в области образования по распределению государственного образовательного заказа на подготовку кадров с высшим и послевузовским образованием, за исключением сельскохозяйственных специальностей и ветеринарии в организациях образования аграрного профиля, финансируемых из республиканского бюджета, не поддерживается, поскольку в соответствии с подпунктом 2) статьи 5 Закона «Об образовании» Министерство образования и науки Республики Казахстан реализует единую государственную политику в области образования, осуществляет межотраслевую координацию.

Письмо Мажилиса Парламента от 24 января 2019 года № 8-5-42

Поправки депутатов не противоречат положениям Конституции и действующих законодательных актов Республики Казахстан, не повлекут отрицательных социально-экономических последствий.

По пунктам 1 и 2 Сравнительной таблицы

Поправки в подпункт 20) статьи 1 и в статью 16 Закона Республики Казахстан «Об особо охраняемых природных территориях» (далее – Закон), в части определения термина «природоохранная организация», не поддерживаются.

В соответствии со статьей 3 ПК взаимодействие субъектов предпринимательства и государства направлено на создание благоприятных условий для развития предпринимательства и общества, стимулирование

предпринимательской инициативы в Республике Казахстан.

Принципами взаимодействия субъектов предпринимательства и государства являются: равенство субъектов предпринимательства и добросовестная конкуренция.

В этой связи полагаем, что одновременное предоставление возможности создания дендрологических парков в организационно-правовой форме как товарищества с ограниченной ответственностью, акционерного общества, так и государственного предприятия, может создать неравнозначные условия для других субъектов рынка.

По пункту 3 Сравнительной таблицы

Поправка, в статью 62 Закона в части возможности передачи государственных дендрологических парков в доверительное управление национальной организации высшего и (или) послевузовского образования, поддерживается.

По пункту 4 Сравнительной таблицы.

Новая статья 84-2, предлагаемая к дополнению в Закон, в части определения правового положения Исыкского государственного дендрологического парка, не поддерживается.

Определение Казахского национального аграрного университета доверительным управляющим Исыкского государственного дендрологического парка на законодательном уровне нецелесообразно, поскольку считаем возможным предусмотреть решение данного вопроса в рамках действующего гражданского законодательства.

По пунктам 69, 70, 77, 78, 79, 145 сравнительной таблицы (письмо Мажилиса Парламента от 24 апреля 2018 года № 8-5-299)

Анализом регуляторного воздействия поддержаны поправки в законы «О карантине растений», «О разрешениях и уведомлениях», предусматривающие присвоение учетного номера организациям, осуществляющим переработку зерна и продуктов его переработки по технологиям, обеспечивающим лишение семян и плодов карантинных сорных растений жизнеспособности, и/или обеззараживание и маркировку древесного упаковочного материала.

1 ноября 2018 года результаты анализа регуляторного воздействия по указанным поправкам рассмотрены и одобрены на заседании МВК. В связи с чем, указанные поправки поддерживаются.

На основании изложенного, полагаем возможным дальнейшее рассмотрение законопроекта в Мажилисе Парламента с учетом настоящего заключения Правительства Республики Казахстан.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**



Б. Сагинтаев